

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИЕТІ**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы 8D023-Тілдер және әдебиет: 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңесінде Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «8D02310 (6D020500) – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын қорғаудың

№ 14 хаттамасы

Шымкент қ.

30 маусым 2025 ж.

Төраға – филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Р. Боранбаев

Ғалым хатшы – философия докторы (PhD) Х.Х.Таджиев

Төраға – филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Р. Боранбаев:

Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, ресми рецензенттер, бүгінгі қорғауға қатысып отырған қонақтар! М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы 8D023-Тілдер және әдебиет: 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесте Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғалғалы отыр. Қазір қарап отырмын барлық диссертациялық кеңестің мүшелері және шет елдік кеңесшілеріміз бәрі толық отыр екен. Сондықтанда толық кворум бар деп ойлаймын. Диссертациялық кеңестің 7 мүшесі, екі ресми рецензент қатысып отыр, диссертациялық кеңестің тұрақты және уақытша мүшелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

№	Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Мекеме, қызметі	ДК бойынша мамандығы
Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері				
1	Боранбаев Сандыбай Режепұлы	ф.ғ.д., профессор	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	10.02.06 Түркі тілдері
2	Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы	ф.ғ.к., доцент	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан	10.01.02 Қазақ әдебиеті

			университеті	
3	Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич	Философия докторы (PhD)	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6D021200-Түркітану
4	Хулья Касапоглу Ченгель	PhD докторы онлайн	Хаджи Байрам Вели университеті. Түркия Республикасы	Түркі тілдері
Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері				
5	Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы	филология ғылымдарын ың докторы, профессор	Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	10.01.02 Қазақ әдебиеті
6	Көпбаева Меруерт Рахымбайқызы	филология ғылымдарын ың докторы, доцент	М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Журналистика және филология» кафедрасы	10.01.02 Қазақ әдебиеті
7	Орда Гүлжаһан Жұмабердіқызы	филология ғылымдарын ың докторы, доцент	М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері	10.01.02 Қазақ әдебиеті

Төраға: Кворум бар. Кеңес отырысын ашу бойынша кімде қандай ұсыныстар бар?

Кеңес мүшелері: Диссертациялық кеңес отырысын ашуды ұсынамыз.

Төраға: Ашуға болама?

Кеңес мүшелері: иә, ашуға болады.

Төраға: онда қолдап қояйық (*барлығы қол көтеріп қолдайды*)

Төраға: Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері ізденуші Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің қорытынды жобасын және диссертациялық жұмысын алды ма?

Кеңес мүшелері: иә

Төраға: жақсы, рақмет!

Төраға: Бүгінгі отырыстың күн тәртібі бойынша – 8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310 (6D020500) – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғау.

Ғылыми кеңесшілері:

1. **Мекемтас Мырзахметұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол кісі өмірден озып кеткендіктен филология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті **Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы** тағайындалған.

2. **Омонов Кудратулла Шарипович** – филология ғылымдарының докторы, Өзбекстан Мемлекеттік Шығыстану университетінің профессоры, Ташкент қаласы, Өзбекстан. Мәжіліске онлайн форматта қатысуда,

Диссертанттың диссертациялық жұмысына нотариалды куәландырылған оң пікірі бар.

Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында орындалған. Диссертация қорғауға алғашқы рет ұсынылуда.

Ресми рецензенттер:

1.Мамбетов Жолдасбек Ормаханұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы» кафедрасы, Алматы қаласы, Қазақстан.

2.Керімбекова Баян Дәулеткановна– филология ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор. SDU University «Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті «Тілдік білім беру» кафедрасынан Алматы қаласы, Қазақстан.

Төраға: Біздің қорғау ережелерімізге сәйкес бүгінгі ресми рецензенттерге ескерткім келіп отыр, біздің ішкі ережелерімізге сәйкес сіздер диссертациялық кеңес мүшелерімен тең дауыс беруге құқықтарыңыз бар. Ізденушінің аттестациялық ісімен танысу үшін келесі сөз ғалым хатшы Таджиев Хамидулла Хабибуллаевичке беріледі.

Ғалым хатшы: Кайимов Мухамеджан Абдихаликович 1992 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы, Төле би ауданы, Алатау ауылында дүниеге келген. 1997 жылдан Төле би ауданы Алатау ауылындағы, Алатау атындағы жалпы орта мектебінде оқыған. 2010 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша бакалаврды 2014 жылы үздік дипломмен аяқтаған. Ал, 2014 жылы жоғары да аталған (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық) университетінің «6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистратурасында оқып, «Ақын-жыраулар шығармаларындағы этнолингвистикалық атаулардың семантикалық сипатты» тақырыбындағы диссертациясын қорғаған. 2016 жылы ЖООК-М №0077862–диссертациялық Кеңесінің шешімімен педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алған.

2018 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 6D020500 (8D02310)-Филология БББ негізінде докторантураға қабылданып, университеттің ЖООК-М №595–диссертациялық Кеңесінің шешімімен «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» атты тақырыбы бекітілген.

ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ережесіне сәйкес Кайимов Мухамеджан Абдихаликович келесі құжаттарды ұсынды:

- 1) диссертация қатты мұқабада және электронды тасымалдағышта;
- 2) аннотация үш тілде (қазақша, орысша және ағылшынша);
- 3) отандық және шет елдік кеңесшілердің оң пікірлері;
- 4) диссертациялық жұмыс туралы кафедра шешімі;
- 5) № 30 ЖООК. 11.03.2019 ж. (55-ЖООК 04.04.2025) Ғылыми кеңесшілерді тағайындау туралы хаттама көшірмесі;

6) білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша транскриптің көшірмесі;

7) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломдардың нотариалды көшірмелері;

8) ресми рецензенттердің пікірлері;

9) диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

10) «Антиплагиат» жүйесінің технологиясына сәйкес диссертацияның салыстырмалы-сәйкестендірілген талдау жүргізілгені туралы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ анықтамасы.

Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің жеке ісінде бар барлық құжаттар, ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ережесіне сәйкес келеді, диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 9 мақала жариялаған, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы жарияланымдары саны - 5 мақала (оның біреуі ағылшынша), халықаралық конференция жинақтары мен шет елдік басылымдардағы жарияланымдары - 4 мақала (оның ішінде екеуі офлайн конференция). М.А. Кайимовтың диссертациялық жұмысы қорғауға 2025 жылғы 16 мамырда қабылданды, №11 хаттама.

Төраға: Рақмет. Аттестация іс бойынша ғалым хатшыға немесе ізденушіге сұрақтарыңыз бар ма?

Төраға: Егер басқа да сұрақтарыңыз болмаса, диссертациялық жұмыстың мазмұнын баяндау үшін сөз кезегі ізденушіге берсек. Регламентті сақтаңыз!

М.А.Кайимов диссертацияның негізгі мазмұнын баяндайды.

Төраға: Баяндама аяқталды. Рақмет, құрметті кеңес мүшелері, ізденушіге сұрақтарыңыз бар болса беріңіздер болады. **Филология ғылымдарының докторы, доцент Орда Гүлжаһан Жұмабердіқызы**

Ф.ғ.д., доцент Орда Гүлжаһан Жұмабердіқызы: Менің екі сұрағым бар. 1) жаңа баяндау барысында Бұқар жыраудың тіпті әр шығармасына жақсы талдау жасадың, ал енді сол Бұқар жыраудың рухани тұжырымдарының «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтастығы бар ма немесе бүгінгі күнмен сабақтастығы бар ма? Екінші сұрақ, Бұқар жырау шығармаларындағы тұжырымдарды санамалап көрсеттіңіз, әсіресе адамгершілікке қатысты, енді сол дәуірде жазылған туындылармен қазіргі қазақ поэзиясы арасында сабақтастық бар ма, қазаргі қазақ поэзиясының Бұқар поэзиясымен сабақтастығы көрінеме, әлде, сол Бұқар дәуірі кезеңімен қалды ма? Осы екі сұрақтың төңірегінде ойыңызды жеткізсеңіз

Төраға: Түсінікті ме сұрақ, Мұхамеджан жазып алдыңыз ба, бірден жауап бересіз ба?

Ізденуші М.А. Кайимов: Иә, бірден жауап бере берейін, сұрағыңызға рақмет, Гүлжаһан Жұмабердіқызы. Бірінші сұраққа келсем «Мәңгілік ел – идеясы түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея. Елтеріс Құтлық қаған Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Түркілер осыдан қаншама ғасыр бұрын мәңгілік ел идеясын ұсынған. Елдің

қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат Абылай заманында Бұхар шығармаларында көркемдік тұрғыдан көрініс тапты десем болады. Мәңгілік ел идеясының негізі ел бірлігінде жатыр. *«Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз»* деген жолдарда жырау халықтың бірлігі елдің тірегі екенін, ұлтаралық, руаралық ынтымақтың маңызын ұғындырады.

Екінші сұрағыңыз бойынша, жыраулар поэзиясындағы адамгершілік мұраттардың қазіргі заманмен сабақтастығы, Бұқар жырау мен қазіргі қазақ ақындарының рухани концепцияларын салыстыру арқылы ұлттық әдебиеттегі құндылық сабақтастығын бағыттармен сипаттауға болады. Мысалы қазіргі қазақ поэзиясында мынадай өзіндік орын бар ақындар Мұхтар Шаханов, Жанат Әскербекқызы, Ұлықбек Есдәулет, Маралтай Райымбекұлы, Темірхан Медетбек, Серік Ақсұңқарұлы, Жарас Сәрсек т.б. ақындардың поэзияларынан ұлттық құндылықтарды ұлықтау, қазақ халқының салт-дәстүрін сақтау, ата тарихымызға құрметпен қарау сынды мәселелер көтеріледі. Жыраулар поэзиясындағыдай қазіргі ақындар поэзиясынан халықтың мақсаты мен арманын, мұңы мен сырын байқаймыз.

Төраға: филология ғылымдарының докторы профессор Жанат Әскербекқызы

Ф.ғ.д., профессор Жанат Әскербекқызы, диссертанттың Бұқар жырау шығармашылығы бойынша диссертациялық жұмысының қысқаша мазмұнын тыңдадық, соған орай менің бірнеше сұрақтарым бар. Бірінші жалпы мына тақырыптың өзінде тұр ғой өмір шындығы Бұқар жырау толғауларында өмір шындығы қандай көркемдеуіш құралдармен бейнеленеді? Екінші жырау шығармаларындағы ұлттық идея мен тәрбие ұстанымдарын бүгінгі жастарға жеткізу үшін қандай ғылыми немесе шығармашылық бағытта жұмыс жүргізген тиімді деп білесіз?

Төраға: Сұрақ түсінікті ме жазып алдыңыз ба, жауап беріңіз?

Ізденуші М.А. Кайимов: Рақмет Жанат Әскербекқызы, екінші сұрақтан бастай жауап берсем болама. Жырау шығармаларындағы ұлттық идея мен тәрбие ұстанымдарын бүгінгі жастарға жеткізу үшін бірқатар ғылыми және шығармашылық бағытта жұмыс істеуді ұсынамын: 1) монография шығару. Бұқар жырау шығармашылығының рухани, тарихи, тәрбиелік қырларын жүйелі түрде зерттеп, оның ұлттық ойлау жүйесіндегі орны мен қазіргі жастар тәрбиесіндегі маңызын көрсететін ғылыми еңбек әзірлеу. Бұл еңбек жоғары оқу орындары мен мектептерде қосымша құрал ретінде пайдалануға болады. 2) жырау шығармаларына текстологиялық зерттеу жасау. Бұқар жыраудың толғауларын түпнұсқа қолжазбалармен салыстыра отырып, дәлдік пен мазмұн тазалығын анықтау. Бұл – жырау мұрасын дұрыс түсініп, болашақ ұрпаққа бұрмаланбай жеткізудің кепілі. 3) салыстырмалы әдеби талдау. Бұқар жырау толғауларын қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларымен салыстыра отырып, ұлттық идеяның, рухани сабақтастықтың бүгінгі әдебиеттегі көрінісін анықтау. Бұл бағыт әдебиеттің дамуы мен құндылықтардың сабақтастығын зерттеуге мүмкіндік береді. 4) *«Мәңгілік Ел»* идеясы аясында жоба жасау. Бұқар жырау толғауларындағы *елдік, бірлік, имандылық* идеяларын *«Мәңгілік Ел»*

идеясымен байланыстыра отырып, мектептердің оқу бағдарламаларына немесе тәрбие сағаттарына арналған арнайы жоба дайындау. Бұл жоба білім алушыларға арналған ұлт тәрбиесіне бағытталған практикалық құрал бола алады деп ойлаймын. Және болашақ зерттеулерімде осы мәселелерді жүзеге асырамн деген ойдамын.

Бірінші сұрақ бойынша Бұқар жырау шығармаларында кездесетін көркемдеуіш құралдар. Жалып Бұқар толғауларынан көркемдеуш құралдырдың барлығын кездестіруге болады. Мысалы, теңеу, эпитет, метафоралар, қайталаулар, ассонанс, аллитерация өте көп. Сөзімді дәлелдейтін болсам: 1) Бұқар жырау шығармаларында *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары арқылы жасалатын түрлі теңеулердің түрлерін пайдаланған. Мысалы, *Тұрымтайдай ұл едің; Ақ сұңқардай түледің; Саптыаяқтай еріндім, Сарымсақтай азулым; Арыстандай ақырған; Бөденедей күш бар ма; Ормандай көп Орта жүз, Көлдей қамқа төсеніп; Жауған күндей себелеп; Киігін қойдай қайырған; Құланы құлындай тулаған; Түлкісі иттей шулаған;* 2) Эпитеттерге мысал келтірсем: *Қара қылды қақ жарған; Қара түлкі, қармалжын; Қара құла жүйрік деп; Қара көзден жас кетер; Желкілдеген сары ұлың; Қоспақ өркеш сары атан; Сары атанды бақыртып; Шұбар көсем сары аяқ; Ақсары атан аспалап; Сандығын сары алтынга малдырған; Көріп туған көкше тай;* Ал: *Атан болған жиырма бес,*

*Қызықты күндер қыздырған,
Асау талқан бұздырған.
Қызды ауылды көргенде
Бұландатқан жиырма бес,
Төскейден қашқан түлкідей
Сыландатқан жиырма бес,
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес,
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес*

Іздесең де табылмас! – деген жолдар Бұқар шығармаларындағы метафораның әдемі үлгісі деуімізге болады.

Төраға: Келесі, кімде сұрақ бар. Филология ғылымдарының кандидаты профессор Меруерт Рахымбайқызы.

Ф.ғ.к., профессор Меруерт Рахымбайқызы: Мұхамеджан жаңа Гүлжаһан апайыңыз жақсы айтып кетті ғой «Мәңгілік ел» идеясы, ұлттық құндылықтарды насихаттау жаңағы өзіңіз айтып отырған тек мәселесі менің бірінші сұрағым осы мәселе төңірегінде болмақшы жыраулық дәстүр, жыраулық өнер дейміз. Қазіргі жаһандану кезеңінде, цифрландыру кезеңінде жастар арасында жыраулық дәстүрді қалай насихаттасақ болады. Жырау поэзиясын насихаттаудың жаңаша тәсілдері бар ма? Екінші сұрақ. Бұқар жырау шығармаларында исламдық дүниетаным ұлттық салт-дәстүрмен қалай үйлеседі? Осы мәселелер туралы айып өтсеңіз.

Ізденуші М.А. Кайимов: Рақмет Меруерт Разымбайқызы, сұрағыңызға рақмет. Бірінші сұрағыңыз бойынша қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлі мәдени мұраны, соның ішінде жыраулық поэзияны жастар

санасына сіңіру үшін заманауи мәдениетпен цифрлық форматты тиімді қолдану арқылы ұштастыру қажет деп ойлаймын. Жыраулық дәстүр – қазақ халқының рухани-мәдени қазынасы, елдік сана мен ұлттық болмысымыздың қайнар көзі. Алайда оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу үшін дәстүр мен технологияны ұштастыратын жаңа тәсілдер қажет. Қазіргі жастардың ақпаратты қабылдау ерекшелігі цифрлық медиамен тығыз байланысты. Осыған орай, *TikTok, Instagram Reels, YouTube Shorts* сияқты платформаларда шағын видеоконтенттер әзірлеу, қысқа роликтер, подкасттар, интерактивті тесттер, мобилді ойындар, квест-сабақтар, рэп жасау арқылы жастардың танымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруға болады деп ойлаймын. Екінші сұрағыңызға жауабым Бұқар жырау – XVIII ғасырдағы діни сана мен ұлттық болмыстың тоғысында тұрған тұлға. Ол өз толғауларында Алланы тану, тағдырға сену, пенденің парызы, өлім мен өмір жайында ислам философиясымен үндес пікірлер білдіреді. Бұхар толғауларында кездесетін діни таным қазақ халқының салт-дәстүрімен сабақтасып жатыр. Біз оны жыраудың поэзиясынан байқаймыз. Мысалы, Бұхардың «*Қазақтың ханы Абылай*» атты толғауында Бөгенбай батырдың қаза болғанын қазақтың салты бойынша есіртетін тұсы бар. Мысалы, Бөгенбай батырдың ерлік істері, жақсы қасиеттері түгел сипатталып хан Абйлайға «*батырың өтті Бөгенбай*» дейтін тұстар бар ғой, міне осы жыр. Толық естіртуден тұрады. **Естірту** – қазаға ұшыраған адамның қайғылы хабарын оның жақын туыстарына хабарлау рәсімі. Ауыр қаза, қайғылы оқиғаны жанашырларына, ел-жұртына өлеңмен естірту дәстүрі қазақ халқында ертеден бар.

Төраға: мына жақта біздің онлайн қатысып отырған қонақтарымыз бар. Құрметті онлайн қатысушы қонақтар сұрақтарыңыз бар ма? Егер сұрақтарыңыз жоқ болса менің ізденушіге бірнеше сұрағым бар.

Ф.ғ.д., профессор С.Р. Боранбаев: Бірініші сұрағым осы Бұқар шығармашылығына байланысты диссертациялар сізге дейін қорғалды ма? Екінші сұрақ Бұқар шығармашылығы осыған дейін зерттелген ба, үшінші сұрағым Бұқар мен Абай арасында рухани сабақтастық бар ма?

Ізденуші М.А. Кайимов: Рақмет, Сандыбай Режепұлы сұрақтарыңыз өте орынды. Бұқар Қалқаманұлының шығармашылығы XIX ғасырдың басында өте көп зерттелген. Мысалы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ж. Көпейұлы. Сонғы кезде де Бұқар шығармашылығы бойынша жазылған монографиялар, мақалалар өте көп, әркім әртүрлі бағытта жазған. Екінші сұраққа келсем Бұқар жырау шығармашылығы бойынша педагогикадан, философиядан докторлық диссертациялар жазылғанымен, әдебиет бойынша диссертациялық жұмыс жазылмаған екен. Үшінші сұраққа келсем, Бұқар мен Абайдың шығармаларында негізгі идея бір деп айтқым келеді; адамгершілік, елдік, бірлік т.б. мәселелер бойынша. Екеуінің өмір сүрген ортасы бөлек болғанымен бағыты бір болған деп айтқым келеді. Демек сабақтастық бар.

Төраға: Түркиядан философия докторы Хулия ханым сұрақ қойсам деп отыр.

PhD докторы Хулья Касапоглу Ченгель: Қайырлы таң, құрметті әріптестер. Маған осы қорғауға қатысуға мүмкіндік бергендеріңіз үшін сіздерге алғыс айтықым келеді. Мен бұл диссертацияны көргенде өте қатты

қуандым. Философия ғылымдарының докторы, қайтыс болған тұлғамыз былай айтады «мемлекет қайраткерлері өздеріне кеңесші ретінде таңдаған ғалымдардың ой айқырылары халықтың құндылығы мен ұлылығына сай келеді. Бұқар жырау секілді тұлғалар хандардың қасында жүріп ненің дұрыс, ненің бұрыс екеніне бағыт бағдар берген. Бұл кеңесшілер ішінде ханға «хан ием» деп бас иемей, тіпті хандардың өздеріне қарсы келіп отырғанын да білеміз. Перспективалық тұрғыдан қарағанда Бұқар жырау сияқты кеңесшілер қазіргі кезде бар ма деген сұрақ қойғым келеді. Екінші сұраққа келсем диссертант Орхон жәдігерері, Білге қаған (Тоныкөк) Қорқыт жырында да, Шу эпосынан да (Үге), Дулатидің «Құтты білік» (Айтолды) шығармаларында да қағандарға ақыл беріп отырған кеңесшілер болғандығын айтты. Және оны «Мәңгілік ел» идеясымен тоғыстырды. Осы мәселені ел басқарушыларға, бүкіл түркі мемлекетінің басқару саласына ендіру керек деп ойлаймын. Бұқар жыраудың шығармашылығына қарасаңыз қазақ елінің бүкіл түркі елі көтермеген мәселені көтергендігін білуге болады. Менің екінші сұрағым ғалым Айгүл Исмакованың жырау туралы жазғандары бар, мен диссертациялық жұмыстан Айгүл Исмакованың еңбегін көрмей тұрмын, айтыңызшы неге Айгүл Исмакованың ғылыми еңбектерін пайдаланбадыңыз?

Ізденуші М.А. Кайимов: Рақмет сұрағыңызға Хулия ханым, бірінші сұрақ бойынша, қазіргі кезде де Бұқар секілді кеңесшілер бар деп ойлаймын. Екінші сұрақ бойынша алдағы уақыттағы зерттеулерімізде Айгүл Исмакованың ғылыми еңбектерін қарастырып, монографиямызға қосамыз деген ойдамыз.

PhD докторы Хулия Касапоглу Ченгель. Мұхамеджан менің Абай туралы жазған мақалам бар. Скопус базасына шықты. Болашақта сізбен біз бірге осы тақырып бойынша жоба ұсынайық.

Ізденуші М.А. Кайимов: рақмет ұсынысыңызға Хулия ханым, ұсынысыңызды қабылдаймын!

Төраға: Рақмет! Жауапқа қанағаттандық, ары қарай жалғастырсақ. Құрметті кеңес мүшелері сұрақ жеткілікті ме? Егер сұрақтар болмаса, біз өз жұмысымызды жалғастырсақ. Сөз докторанттың ғылыми кеңесшісі филология ғылымдарының докторы, доцент, Омаров Нұрлыбек Құралбекұлына беріледі.

Ғылыми кеңесші Н.Қ. Омаров Құрметті төраға, құрметті ғылыми кеңес мүшелері бүгінгі ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың ұлы жырауы Бұқар Қалқаманұлы шығармашылығын жаңаша қырынан қарастырып, толғауларындағы рухани-адамгершілік құндылықтар мен тарихи дәуірдің шындығын көркемдік тұрғыда саралауға бағытталған жұмыс. Бұл тақырып қазақ әдебиеттану ғылымында өзектілігін еш жоғалтпаған, керісінше қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуға, тарихи сананы қалыптастыруға үлкен үлес қосатын тақырып деп ойлаймын.

Диссертацияда автор Бұқар жырау толғауларын жан-жақты талдай отырып, оның шығармаларындағы адамгершілік, әділет, парасат, ел бірлігі, хандар мен билерге айтылған сын-толғамдары арқылы сол дәуірдің қоғамдық-саяси ахуалын көркемдік деңгейде бейнелегенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, толғаулардағы дидактикалық сарын, моральдық-этикалық ұстанымдар қазіргі қазақ қоғамы үшін де мәнін жоғалтпағанын нақты мысалдармен көрсетіледі. Ғылыми жұмыста Бұқар жыраудың толғаулары тілдік, стильдік, мазмұндық тұрғыда талдана отырып, оның рухани дүниетанымы мен халыққа арнаған өсиет-нақылдары қазақтың ұлттық философиясымен сабақтастырылып қарастырылған. Бұл зерттеу жыраулық поэзияның көркемдік табиғатын терең ұғынып, оны бүгінгі гуманитарлық ғылыммен үндестікте саралауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан терең, ғылыми құндылығы жоғары деп бағалаймын. Зерттеу нәтижелері әдебиеттану ғылымына қосылған өзіндік үлес ретінде бағалануға лайық деп есептеймін. Бүгінгі Мұхамеджанның жұмысына келетін болсақ бүгінгі әдебиеттану ғылымының әдебиеттану тарихына қосылған үлкен үлес деп есептейміз. Мұхамеджанға келешекте үлкен табыстар тілеймін. Ғылым жолы даңғыл бола берсін. (Ғылыми кеңесші Н. Омаровтың ізденушінің жеке басының сипаттамасы мен және оң пікірімен сөйлейді, пікір қоса беріледі, стенографияланбайды)

Төраға: рақмет, Нұрлыбек Құралбекұлы !

Төраға: келесі сөз докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Омонов Кудратулла Шариповичке беріледі. Бұл кісінің ізденушінің диссертациялық жұмыс ы туралы нотариалды оң пікірі бар.

Ғылыми кеңесші Кудратулла Шарипович: Құрметті төраға, құрметті кеңес мүшелері, қонақтар баршаңызға Өзбекстаннан, Ташкенттен барлықтарыңызға жалынды сәлем. Бүгін Шымкент қаласындағы филологтар үшін елеулі күн болып саналады. Өйткені қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар тұлға Бұқар жырау шығармашылығына арналған «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс қорғалып жатыр. Мен бүгін диссертанттың шет елдік кеңесшісімін. Диссертациялық жұмыс түркі әдебиетінің жырауы Бұқар жыраудың шығармаларындағы рухани адамгершілік мәселелері әдебиет тарихындағы маңызды мәселелерді көтерген ауқымды диссертациялық жұмыс екен. Кайимов Мұхамеджанның диссертациялық жұмысы өзбек әдебиетінде де маңызды тақырып. Бұқар жырау шығармашылығы түркі елдеріне ортақ Тонікөк, Ә.Науаи шығармашылығына ұқсайды. Көне дәуіден басталған ел басқару ісі бойынша айтылмаған пікірлер жалпы диссертациялық жұмыстың жаңалықтары жаңа болып табылды. Мұхамеджанның шет елдік кеңесшісі ретінде оң пікірімді беремін және М.А. Кайимовты «6D020500 (8D02310) – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын. (Шетелдік ғылыми кеңесші Қ. Омонов Шарипович ізденушінің жеке басымен сипаттамасы мен оң пікірімен сөйлейді. Пікір қоса беріледі, стенографияланбайды)

Төраға: Рақмет! Кудраттула мырза, біздің ізденушіге қолдау білдіргеніңіз үшін рақмет!

Төраға: Келесі сөз кезегі ресми рецензент, – 10.01.02-қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Мамбетов Жолдасбек Ормахановичке беріледі. (Ресми рецензент ф.ғ.к., доцент, Ж.О. Мамбетовтың ізденушінің жеке басының сипаттамасы мен және оң пікірімен сөйлейді, пікір қоса беріледі, стенографияланбайды)

Айтарлықтай ескерту жоқ, диссертацияда техникалық қателер кездеседі. Алайда бұл қателер диссертациялық жұмысқа зиянын тигізбейді деп ойлаймын.

Төраға: Сөз кезегі рецензенттің ескертулеріне жауап беру үшін диссертантқа беріледі.

Ізденуші М.А. Кайимов: Құрметті, Жолдасбек Ормаханұлы ескертуіңізді қабылдаймын, рақмет. Болашақтағы зерттеу жұмыстарымызда сіздің ескертуіңізді ескереміз.

Төраға: Жолдасбек, Ормаханұлы ескертулердің жауаптары сізді қанағаттандырды ма?

Ф.ғ.д., профессор Ж.О. Мамбетов: Рақмет, мен ескертуіме қанағаттанарлық жауабымды алдым деп ойлаймын.

Төраға: Сөз кезегі ресми рецензент, 10.01.02 - қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Керимбекова Баян Дәулеткановна беріледі. (Ресми рецензент ф.ғ.к., профессор Керимбекова Баян Дәулеткановнаның жеке басының сипаттамасы мен және оң пікірімен сөйлейді, пікір қоса беріледі, стенографияланбайды).

Ескерту бірінші рецензент айтып кеткендей, диссертациялық жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Дегенмен, бұл ескерту диссертацияның мазмұнына ешқандай кедергі келтіреді деп ойламаймын. Болашақта осы Бұқар жырау шығармашылығын туыстас түркі елдерімен байланыстыра зерттесе, зерттеу жұмысының өзектілігі арта түсер еді деген ойдамын

Төраға: Сөз кезегі рецензенттің ескертулеріне жауап беру үшін ізденушіге беріледі.

Ізденуші М.А. Кайимов рақмет, Баян Даулетканқызы пікіріңізге рақмет, ескертулеріңіз өте орынды, сіз айтқан ескертулерді ескере отырып, орфографиялық қателерді түзейміз.

Төраға: Баян Дәулеткановна ескертулерге берілген ізденушінің жауаптары сізді қанағаттандырды ма?

Ф.ғ.к., доцент Баян Даулетканқызы: Рақмет, мен ескертулеріме жауабымды алдым деп ойлаймын.

Төраға: М.А. Кайимовтың диссертациялық жұмысын талқылауға көшейік. Диссертациялық жұмыс бойынша пікір білдірушілер бар ма? Рақмет сөз кезегі өзіңізде Гүлжаһан Жұмабердіқызы.

Ф.ғ.д., доцент Орда Гүлжаһан Жұмабердіқызы: Кайимов Мұхамеджан Абдихаликовичтің бүгінгі ашық қорғауына барлығымыз куә болып отырмыз. Диссертант өзінің жұмысында Бұқар жырау толғауларындағы рухани адамгершілік мәселелерін жан-жақты бізге баяндап жеткізді. Тақырыптың өзектілігі дау туғызбайды. Өздеріңіз көргендей Хулия ханым бүкіл түркі халқына тақырыптың өзекті екендігін дәлелдеп берді. Бұл тақырыпты қазіргі заманмен байланыстырсақ өте өзекті

мәселе болып табылады. Оған бүгінгі қорғау барысында көзіміз жетті, бүгінгі қорғауда жұмыс өз дәрежесінде ашылды деп ойлаймын. Диссертанттың сыртқы жетекшісі Кудраттула мырзаның пікіріне сүйенсек. Бұқар жырау шығармашылығы тек қазақ халқы үшін ғана емес, түркі халқы үшін де маңызды тақырып және ортақ дүние екендігі анық. Жаңа қорғау барысында әртүрлі сұрақтар қойылды, бізде мына әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар бар. Диссертациялық жұмысты қарап отырсам, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Мағауин сынды мықты әдебиеттанушылардың еңбектері толық қамтылған екен. Әсіресе жыраулар поэзиясын (М.Мағауиннің), зар – заман ағымын (Б. Омарұлының), уақыт пен кеңістік мәселесіне қатысты (Б.Майтановтың, Е. Ханыкейдің) зерттеген ғалымдар, тіпті ағартушылық бағытты зерттеген ғалымдардың еңбектері толықтай қамтылған екен. Бұдан жұмыстың ғылыми аппараты да толық екенін көріп отырмыз. Және де диссертант жұмысты бүгінгі күнмен ұштастыра қарастырған, олда құптарлық жай. Тіпті бағана сұрақтарды да қазіргі күнмен байланыстыра қойып отырмыз. Осы негізде жұмысты алдына қойған мақсатына жеткен, өзіндік айтары бар жұмыс деп бағалап, толыққанды жұмыс деуге толық негіз бар.

Төраға: Рахмет құрметті Гүлжаһан Жұмабердіқызы

Төраға: тағы да кімдер пікір білдіреді филология ғылымдарының кандидаты, профессор Көпбаева Меруерт Рахымбайқызына сөз кезегін берсек.

Ф.ғ.к., доктор Көпбаева Меруерт Рахымбайқызы: Бүгінгі ғылыми диссертациялық кеңесте қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс өте өзекті тақырыпқа жазылған екен. Менің алдымда айтып кеткен Гүлжаһан ханымның пікіріне менде толықтай қосыламын. Жалпы методологиялық әдіснамасы толық қамтылған, барлық өзіне дейінгі ғалымдар М.Ж. Көбеевтен бастап осы кезеңгі соңғы тәуелсіздік алған жылдардағы тәуелсіздік концепция тұрғысынан қарастырған. Б.Омарұлы, У.Қалижан еңбектерін толық қарастырып, сілтеме жасап, оны диссертациялық еңбегінде толық көрсеткен екен. Бұл сіздің жұмысыңыздың ғылымилығының өте жоғары екенін танытады деп айтуға толық негіз бар. Диссертацияның үшінші тарауда жасалынған интерпретациялық поэтикалық талдауларыңыз көңілге өте қонымды. Жаңа регламент аз берілгеннен кейін ол мәселеге толықтай тоқтай алмадыңыз, бірақ осы мәселені диссертациялық жұмысыңызда толық қамтып қарастырған екенсіз. Одан кейін менде соған байланысты сұрақ қойғанмын сұрағыма өте тұщымды жауап алдым десем болады. Себебі менің өзім осы былтыр диплом жұмысын жаздырған едім. Жаңа біздің диссертациялық кеңеске онлайн қатысып отырған шет елдік ғалымдарымыз өте құнды пікірлер айтты. Мысалы, Бұқар жырау шығармашылығын түркологиялық тіпті әлемдік деңгейде қарастыруға болады деп. Шындығында жыршылар мен жыраулар поэзиясы әлемдік деңгейде үлкені ғылыми объекті. Мысалы қазіргі жастарымыз рэпке құмар мысалы, «*еңку, еңку жер шалмай, ереулі найза қолға алмай, ерлердің ісі бітер ме?*» немесе Бұқардың жырларының барлығы рэпке айналдырса қандай керемет. Бұқар жыраудың шығармашылығын философтар философиялық тұрғыдан

қарастырған, Енді мәне әдебиеттану ғылымында бүгін бірінші рет Бұқар жыраудың шығармашылығы жаңа қырынан, жаңаша сипатта қарастырылып отыр. Әсіресе сіздің зерттеу жұмысыңыздағы үш концепцияңыз толық көңілімнен шықты. Диссертант жалпы жұмысты орындай келе мынандай концепциялар шығарады. Бірінші 1) Бұқар жырау рухани эстетикалық мектептің негізін қалаушы деп таниды, өте құптарлық концепция, 2) рухани кемелділікпен ізденіс жасайды дейсіз, бұл да құптарлық концепция. Бұны диссертациялық жұмысыңызда толық дәлелдеп бересіз. Осы өзіңіз айтқан мәселелерді, үшінші Бұқар жырау ұлттық танымы мен ұстанымын толықтай дәлелдей келе институтционалдық тұлға дейсіз. Бұлда әдебиеттану ғылымындағы ұсынылған тың концепция. Әдебиеттану ғылымында Бұқар жырау шығармашылығы әдебиетшілер үшін де, лингвисттер мен түркологтар үшін мына жұмыс жаңашылбағыт болып саналады. Әр сөздің контекстіне үңілу, мәтіндік тұрғыдан талдау, құт сөзінің, тек сөзінің мазмұны мен мағынасы ашу, стильдік тұрғыдан терең баруыңыздың өзі диссертациялық жұмысыңыздың құндылығын артыра түскен.

Төраға: рақмет Меруерт Рақымбайқызы. Біздің докторантымызға қолдау білдіргеніңізге!

Төраға: филология ғылымдарының докторы, профессор Аймұхамбет Жанат Әскербекқызына сөз беріледі.

Ф.ғ.д., профессор Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы: Бүгін біз Бұқар жырау шығармашылығына қатысты, оның шығармаларындағы замана шындығына қатысты диссертациялық жұмыстың қорғауына қатысып басынан аяғына дейін тыңдадық. Жаңа әріптестерміз айтып кеткендей өте тиянақты ретімен, жүйелі ғылыми ақпараттар қамтылы, орындалған, бір біткен жұмыс деп есептеймін. Енді әрбір жұмыстың өзінің зерттелуінде зерттеушінің алдына қоятын мақсаты болады. Әрине жыраулар поэзиясының зерттелу тарихына ХІХ ғасырдағы, ХХ ғасырдағы зерттеу жұмыстарына қарап отырсақ небір пікірлер болды. Айналып келгенде түйгеніміз жыраулар поэзиясы әдебиетіміздің қазақ поэзиясындағы бір арналы саласы екендігі белгілі. Тек қана поэзия емес мына мемлекеттік басқару ісінде де жыраулардың өзіндік орны болғандығы белгілі. Біз неге жыраулық поэзия ХVІІІ ғасырларда бітті дейміз. Себебі хандық дәуірдің аяқталуымен байланыстырамыз. ХVІІІ ғасырларда хандық тарағанымен, жыраулық миссия біткен жоқ. ХІХ-ХХ ғасырларда мынау еліміздің батыс өңірінде әсіресе Маңғыстау, Қызылорда өңірлерінде дамыды. Кейінен жырау деген мен жыршылық дәстүрлері тұтасып кеткендей болды. Жаңағы Хулия ханымның ел басқару ісіндегі өнер адамдарының, жыраулардың орны деген мәселе, бізге етене таныс. Қазіргі мемлекеттік қызметшінің саяси қызметі ол кезде жырау міндетіне кірген. Екіншіден соғысқа шығатын болса, қосбасылық міндет те жырау мойнында болған. Кейінен ел басқару ісінде бұл функциялар Бұл міндеттер бірнеше функцияға ыдырап кетті. Біз қарап отырған нәрсе, таза әдеби тұрғыдағы нәрсе, әдебиетіміздің дамуы әдебиеттегі дәстүр мәселесі. Қазіргі поэзияның жыраулық дәстүрмен байланысы. Жалпы жыраулар поэзиясындағы өмірлік шындық мәселесі. Жалпы диссертанттың диссертациялық жұмысының тақырыбын бәріміздің ұстазымыз Мекемтасаға

берген екен. Мекемтас Мырзахметұлы бұл тақырыпты жайдан жай ұсынбаған болуы мүмкін. Диссертант өзінің тиянақтылығының арқасында жұмысты алып шыға алған деген пікірдеміз. Енді бір ұсыныс айтқым келеді. Жаңағы көркемдік бейнелеуіш тәсілдеріне байланысты берілген сұраққа біздің уақыттың тапшылығынан диссертант тілдік тұрғыдан ғана жауап берді, ал бізге керегі әдеби тұрғыдан талдаулар керек еді. Жыраулар поэзиясынан көркемдеуіш құралдардың барлық түрлерін кездестіруге болады. Оның ішінде қайталау түрлері, троп түрлері қазіргі поэзияғы негіз болған көркемдеу тәсілдердің барлығын Бұқар жырау поэзиясынан кездестіруге болады. Бұқар жырауда көркемдеуіш құралдыр, оның ішінде классикалық қайталаулар өте көп, осыны болашақ монографиясында терең қарасырса дегім келеді. Сосын жаңа бір сұрақ болды. Жыраулар поэзиясының қазіргі поэзиямен сабақтастығы деген. Жолдасбек Ормаханұлы, Сандыбай Режепұлы жақсы біледі Нұрлан Мәукенұлы деген ақын бар еді. Оның поэзиясы тұнып тұрған жыраулық дәстүрді сақтаған поэзия. Осы кісінің шығармашылығын қазіргі кезеңдегі ақындар шығармашылығымен байланыстыра қарастырса деген ұсыныс айтқым келеді. Жалпы диссертациялық жұмыс, жақсы деңгейде жазылған. Кейбір орфографиялық қателер жөнделінсе деп ойлаймын. Сіздерге де, диссертантқа да сәттіліктер тілеймін осындай жақсы жұмыстар қорғала берсін. Рақмет!

Төраға: филология ғылымдарының докторы, профессор Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы пікіріңізге рақмет!

Төраға: қатысушылардан кафедраның профессоры Б.М. Тлеубердиевке сөз берсек.

Б.М. Тлеубердиев: Құрметті кеңес төрағасы, құрметті мынау онлайн қатысып отырған ғалымдар, құрметті уақытша комиссия мүшелері, бүгінгі қорғауда диссертантқа сұрақтар қойып отырған қыздар. Сіздерге алғысым шексіз. Жалпы Мекемтас ағай жүрген жерде ғылымның жүретінін білесіздер. Мекемтас Мырзахметұлы Түркістан, Алматы, Таразда, Шымкентте қай жерде болмасын өзінің бағытын, ғылымын дамытып жүрді. Мұхамеджан Мекемтас ағайдың қасында жүріп осы тақырыпты алған екен. Зерттеу жұмысын жазу барысында Мекемтас ағайдан көп мағлұмат кеңес алып отырды. Кафедрада оның барлығын біліп отырдық. Алдын ала қорғауда да бірнеше кемшіліктерін айттық. Қарап отырсам, ол кемшіліктерді жойып, жұмысын жинақтап қалған екен. Алдын ала қорғаудағыдан кейін жұмысына көптеген өзгеріс енгізіпті, жақсы концепциялары да бар. Мен мына мәселені айтайын деген ем, мен енді жалпы лингвист ретінде, мынау ғылымда әдебиетшілер, лингвисттер деп бөлінгендей боламыз, бірақ жаңа осы әдеби жағынан да көркемдеуіш құралдарды көбірек пайдалану керек деген пікір айтып отырсыздар. Айтқым келгені тілде де әдебиет те де концептілік құрылымдарды бөлуге болмайды, екеуіне ортақ ұғымдар, ол ұлттық кодты ажырататын дүние болғаннан кейін әдебиетте де тілде де ондай кодтар өте жеткілікті. Жалпы жыраулардың барлығының айтылатын концептілері ұттық, елдік, адамгершілік, секілді концептілерлі құрайды. Біздің докторантымыз қорғау барысында концептілерге тоқтала білді, тұжырымдай білді. Бүгінгі диссертациялық жұмыс бойынша әдебиетшілер қауымы жақсы,

оң пікірлерін беріп отыр. Кафедраның профессоры ретінде сіздерге алғысым шексіз. Жұмысты толыққанды біткен, лайықты жұмыс деп есептеймін. Жұмыс ары қарай толық жіберуге лайықты жұмыс деп есептеймін.

Төраға: Рахмет, Болатбек Мақұлбекұлы! Біздің бүгінгі диссертациялық кеңесімізге онлайн қатысып отырған ғалымдар пікірлеріңіз бар ма?

Төраға: Рахмет, құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Пікірлер жеткілікті шығар деп ойлаймын. Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Бүгінгі диссертациялық жұмыста өте өзекті тақырып көтерілді. Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы өзекті мәселе болып табылады. Қорыта айтсақ, ғылыми негізделген нәтижелері үшін Кайимов Мухамеджанға 8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310 (6D020500)-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін. Рахмет сіздерге!

Бізге қазір М.А. Кайимовқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдындағы өтініш хат туралы шешім қабылдау бойынша жасырын дауыс беру, өткізу үшін Есеп комиссиясын құру қажет. Құрметті Кеңес мүшелері 3 адамнан тұратын комиссиялық құрамы ұсынылды. Олар:

1. Ф.ғ.д., профессор М.Р. Көпбаева
2. Ф.ғ.д., профессор Ж. Әскербекқызы
3. PhD, Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич

Есептік комиссиясының құрамы ұсынылады. Ашық дауыс беруіңізді сұраймын. (рахмет). Есептік комиссиясы құрамының мүшелері бізде жасырын дауыс беру үшін құрылған. *(Бірауыздан дауыс берілді.)* Жақсы, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру рәсімімен танысу үшін сөз ғалым хатшы Хамидулла Хабибуллаевичке беріледі.

Хатшы: Құрметті комиссия мүшелері, әріптестер, сіздерге ватсап желісіндегі жеке нөмірлеріңізге дауыс беру бюллетенін диссертациялық кеңес мүшелеріне және екі рецензентке жіберемін. Сіздерден дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру үшін 5 минуттық үзіліс беріледі.

Төраға: Есептік комиссиясының мүшелері дауыс бергеннен кейін өз міндеттеріне кірісулеріңізді сұраймын.

Хатшы: Егер дауыс беру процедурасы бойынша сұрақтар болмаса, онда дауыс беруді бастайық. Мен барлығының телефондарына жіберемін. *(Жасырын дауыс беру үшін үзіліс беріледі.)*

Диссертациялық кеңестің мүшелері жасырын дауыс беруге кіріседі.

3 минуттай уақыт алады

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, жұмысты жалғастырамыз. Жасырын дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін есептік комиссиясының хатшысына Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич беріледі сөз беріледі.

Хатшы: Дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясының №1

хаттамасы М.А. Кайимовтың диссертациялық жұмысы бойынша жасырын дауыс беру нәтижелері.

Комиссия мүшелерін сайлау туралы қаулы шығарды:

Комиссия төрағасы:

1. ф.ғ.д., профессор Ж. Әскербекқызы

Комиссия мүшелері ретінде

2. ф.ғ.д., профессор М.Р. Көпбаева

3. PhD Таджиев Хамидулла

Төраға: Бұл бірінші хаттама осы хаттаманы бекіту үшін ашық дауыс берейік. Бекітеміз ба, қарсы, қалыс жоқ. Рақмет!

Хатшы: № 2 хаттамасы бойынша дауыс беру нәтижелері. Дауыс беруге диссертациялық кеңестің 6 мүшесі және 2 ресми рецензент қатысты және 8 бюллетень таратылды. Жарияланбаған бюллетеньдер жоқ, жарамсыз бюллетеньдер жоқ. Комитеттің философия докторы PhD дәрежесін беру туралы өтініш хаты бойынша жасырын дауыс беру нәтижелері М.А.Кайимовтың диссертациялық жұмысына "жақтап" – 8 дауыс берілді. "Қарсы" - жоқ, "қалыс қалғандар" – жоқ.

Төраға: № 2 хаттаманы бекітіп алсақ, осы хаттаманы бекіту үшін ашық дауыс берейік. Бекітеміз ба, қарсы, қалыс жоқ. Рақмет! Бүгінгі диссертациялық кеңестегі 8 дауыс дегенді түсіндіріп кетейін. Өйткені бүгінгі біздегі диссертациялық кеңестің төрағасының орынбасары Н. Омаров бүгінгі біздің ізденушіміздің кеңесшісі болғандықтан ол кісіні біз дауыс беруге қатыстырмадық.

Төраға: Ал енді мен Кайимов Мухамеджанды бүгінгі сәтті қорғауымен құттықтаймын! Болашақта ізденушіне жемісті жұмыстар тілейміз.

Енді құрметті кеңес мүшелері сіздердің алдарыңызда диссертацияның қорытындысы бар, оған мен ойлаймын сіздер қарап шықтыңыздар, сіздер айтып жатқан немесе айтатын пікірлеріңіз болатын болса толықтыруларыңыз болатын болса, түзетулеріңіз болатын болса мына уақытты үнемдеу үшін сол пікірлеріңізді ғалым хатшыға берсеңіздер ол толықтырып кейін оны қайта ұсынса қалай қарайсыздар? Қолдайсыздар ма? *(бір ауыздан қолдайды).*

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Диссертация тақырыбының өзектілігін бағалау

Диссертацияда қазақ халқының философиялық ойының өкілі – Бұқар жырау шығармашылығындағы уақыттың шындығын ой елегінен өткізіп, замана келбетін көркем туындыға айналдыру үдерісіндегі рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыратын боламыз. Бұқар жырау шығармашылығы әдебиет, философия, дін және көркем шығармашылықтың күрделі элементтерін біріктіріп, бір тұтас дүниеге айналдыра алған қазақ халық әдебиетіндегі бірегей құбылыс қарастырылды.

Диссертациялық жұмыста Бұқар жырау шығармаларында қозғалған рухани-адамгершілік мәселелерді зерделеу қазақ халқының бірегей мәдени және философиялық дәстүрін түсініп-түйсінуге және оны қазіргі қоғамда кездесетін өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұқар жырау –қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық дүниетанымының философиялық және этикалық аспектілерін бейнелейтін айрықша арна, соны

бағыт. Алайда осы уақытқа дейін Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуына тарихи, әлеуметтік және мәдени контексттердің әсері, сондай-ақ осы шығармалардағы уақыттың пен кеңістіктің бейнелену ерекшелігі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осы жұмыстың өзектілігін дәйектеу мақсатында Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді кешенді зерттеуге және уақыт шындығын көркем бейнелеу тақырыбына баса назар аударуға тырысамыз.

Бұл диссертацияның нәтижелері әдебиеттану, философия және мәдениеттану саласындағы мамандарға, сондай-ақ әдебиеттегі руханият пен адамгершілікке қызығушылық танытқан тұлғалар үшін пайдалы болары анық. Сонымен қатар, олардың қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті туралы таным көкжиектерін кеңейтуге ықпал етіп, Бұқар жырау жанрының бірегей аспектілерін нақтылауға ерекше көңіл бөлмекпіз.

Диссертациялық жұмыс КЕАҚ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында орындалды.

2. Диссертацияда дербестік принципін сақтау

Диссертациялық зерттеу автордың жеке ғылыми қызығушылығы мен шығармашылық ізденісі негізінде жүзеге асырылды. Жұмыс барысында қойылған мақсат пен міндеттерді шешуде автор дербес шешім қабылдап, зерттеу нысанын талдап, материалдарды жинап, жүйелеп және нәтижелерге ғылыми тұжырымдар жасады. Зерттеу ғылыми жетекшінің әдістемелік кеңестері негізінде жүргізілгенімен, барлық талдау және тұжырымдамалық бөлімдер автордың жеке ойлау қабілеті мен ғылыми ұстанымын көрсетеді. Сонымен қатар, пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттерге тиісті сілтемелер жасалып, академиялық адалдық қағидалары бұзылған жоқ. Осы арқылы жұмыстың зияткерлік дербестігі мен авторлық сипаты толық сақталғаны айқындалады.

3. Диссертацияда ішкі бірлік принципін сақтау

Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік принципі толықтай сақталды. Зерттеу мақсаты мен міндеттері нақты қойылып, олар зерттеу барысында бірізділікпен жүзеге асырылды. Әрбір бөлім мен тарау мазмұндық жағынан өзара логикалық байланыста құрылып, зерттеудің жалпы құрылымына үйлесімді кіріктірілді. Қолданылған теориялық және әдіснамалық негіздер зерттеу нысанына сәйкес таңдалды және жұмыс барысында дәйекті түрде қолданылды. Терминдер мен ұғымдар бірізділікпен қолданылып, қайшылықтар орын алған жоқ. Қорытынды бөлімде ұсынылған тұжырымдар диссертацияның мақсаты мен міндеттерін толық қамтиды және алынған нәтижелерге негізделген. Осылайша, зерттеу жұмысының барлық компоненттері арасында мазмұндық және құрылымдық тұтастық қамтамасыз етілді.

4. Диссертацияда ғылыми жаңалық принципін сақтау, негізгі ғылыми нәтижелер

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар Бұқар жыраудың толғауларында баяндалған философиялық және моральдық қағидаттарды айқындауға байланысты болады.

- Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік туралы толғамдары елдік мүддемен сабақтасып, жыраулық поэзиясының көкжиегін кеңейткен тың тақырыптарға жол ашқан. Оның философиялық ой-тұжырымадары қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және отбасылық институттардың бағыт-бағдарын айқындады. Абылай хандығының идеологиясы сөз асылын саралаған Бұқар жыраудың толғауларындағы сарабал оймен бекіді. Ғасырлардан ғасырларға жеткен құндылықтарды тек өз заманына ғана жекізіп қоймай, кейінгі ұрпаққа да аманаттаған жырау көтерген мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

- Ислам діні Бұқар Қалқаманұлының адамгершілік мұраттарды өсиет еткен өлең-толғауларындағы идеяның үлкен бір арнасына айналды. Ислам діні ғасырлар бойы жинақталған бабалар дүниетанымымен синтезделді. Бұқар бастаған жыраулар институты ұлттық рухани құндылықтардың көкжиегін ғалам жаратылысының мәні, пайғамбарлар мен сахабалардың өмірімен сабақтастыра салмақтады.

- Бұқар жырау шығармашылығының өзге кезеңі оның толғауларының мифологиялануы арқылы ерекшеленеді. Мәтіннің көркем кеңістігінде заттық образдарының семантикалық мағыналарының ауыспалы күйде көрініс табады. Ақиқат әлемдегі заттар мен құбылыстар олардың арасындағы қатынастар сияқты тепе-теңдікте көрінеді. Жырау таныған ақиқат шындық пен оның көркемдік бейнесі фольклорлық мәтіндегідей магиялық сипатымен ерекшеленеді. Жырау толғауларында мифологиялық сипаты айқын архетиптер мен бейнеленіп отырған құбылыстарға нақтылық беретін эмпирикалық тәсілдерді жиі ұшырататынымыз да сондықтан. Бұқардың дүниені тану ерекшелігі оның ислам дінін терең білуімен және халықтық сананың тарихи тамырларын нақты тани алатын білімдарлығымен ерекшеленеді.

- Бұқар жырау шығармашылығының екінші кезеңі оның толғауларының мифологиялануымен ерекшеленді. Мәтіннің көркем кеңістігінде заттық образдарының семантикалық мағыналарының ауыспалы күйде көрініс беретінін байқаймыз. Ақиқат әлемдегі заттар мен құбылыстар олардың арасындағы қатынастар сияқты тепе-теңдікте көрінеді. Жырау таныған ақиқат шындық пен оның көркемдік бейнесі фольклорлық мәтіндегідей магиялық сипатымен ерекшеленеді. Жырау толғауларында мифологиялық сипаты айқын архетиптер мен бейнеленіп отырған құбылыстарға нақтылық беретін эмпирикалық тәсілдерді жиі ұшырататынымыз да сондықтан. Бұқардың дүниені тану ерекшелігі оның ислам дінін терең білуімен және халықтық сананың тарихи тамырларын нақты тани алатын білімдарлығымен ерекшеленеді.

Диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер мен қорытындылар ғылыми жаңалықпен сипатталады.

5. Диссертацияда сенімділік принципін сақтау

Диссертациялық зерттеу академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес жүргізілді. Барлық теориялық және эмпирикалық материалдар нақты дереккөздерден алынып, олар тиісті түрде рәсімделді. Авторлық құқықтар бұзылған жоқ, үшінші тараптың материалдарын қолдану кезінде сілтемелер

жасалды. Зерттеу барысында деректер бұрмаланбады, жалған ақпарат қолданылмады. Осылайша, зерттеу сенімділік пен ғылыми этика талаптарын толықтай орындай отырып жүзеге асырылды.

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы зерттеуді жүргізудің заманауи құралдары мен әдістерін пайдалану жолымен қамтамасыз етілген.

Диссертациялық зерттеулерді орындау нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелердің шынайылығы ғылыми басылымдардағы жарияланымдармен және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамаларымен расталды.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципін сақтау диссертация нәтижелері енгізілген

Бұл зерттеудің теориялық және ғылыми-практикалық маңыздылығы қазақ халқының әдебиеті, тарихы мен мәдениеті туралы білім аясын кеңейту, сондай-ақ заманауи қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелерді жаңа сипатта интерпретациялау мен айқындау арқылы көрініс табады. Зерттеу нәтижелерін филология, тарих, философия, әлеуметтану және мәдениеттану саласындағы ғылыми, теориялық, практикалық және пәнаралық зерттеулерде қолдануға болады. Бұл зерттеудің нәтижелері Бұқар жырау шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беріп, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани-адамгершілік аспектілері туралы таным көкжиегін кеңейтуге пайдалы болары анық.

Зерттеудің күтілетін нәтижелері әдеби, тарихи мәдени, философиялық және әлеуметтану ғылымы бойынша зерттеулерде, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде өскелең ұрпақтың бойында рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында қолданыла алады. Біздің зерттеуіміз әдебиет, философия және мәдениеттану мамандары үшін, сондай-ақ әдебиеттегі руханият пен адамгершілік мәселелеріне қызығушылық танытатын кез келген адам үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

7. Диссертацияда Академиялық адалдық принципін сақтау, авторға сілтемесіз алынған материалдың болуы және пайдалану көзі және т.б.

Диссертациялық зерттеулерді орындағанда ғылыми этика және академиялық адалдық принциптері сақталған. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ орындаған М. А. Кайимовтың диссертациялық жұмысын салыстырмалы-саралап талдау жұмыстың бірегейлігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, өйткені «ҰМФТСО» АҚ қорымен тексеру нәтижесінде сәйкестіктер байқалмады.

8. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар:

Барлық ғылыми еңбектер саны – 9;

Оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізбеге енетін басылымдарда – 5;

Web of Science және Scopus базаларына енетін халықаралық рецензияланатын журналдарда – ;

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 4;

Жарияланымдар дәрежелер тіркеу талаптарына сай келеді.

9. Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәрежелерді беру Ережесінің» талаптарына сәйкестігі.

«Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмыстарға қойылатын ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің дәрежелерді тіркеу Ережелері талаптарын толығымен қанағаттандырады және филология саласындағы маңызды міндетін шешетін жаңа ғылыми негізделген нәтижелері бар білікті жұмыс болып табылады.

Қаулы етілді: ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» мәселелерін шешу жолдары мен зерттеулері жүргізіліп, ғылыми негізделген нәтижелері үшін Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичке 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш берілсін.

Диссертациялық жұмыста «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» мәселелерін шешу жолдары мен зерттеулері жүргізілді.

Төраға: Рақмет барлықтарыңызға, онда біз диссертацияның сыныпталу белгілерін талқылауымыз керек. Мен кеңестің ғалым хатшысынан сыныпталу белгілерін атап өтуін сұраймын. Ұсынылған позициялардан қандай да біреуін таңдауымыз керек. *Ғалым хатшы диссертациялық жұмысының сыныпталу белгілерін оқиды (стенографияланбайды).*

Хатшы: Диссертациялық жұмыста «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» мәселелерін шешу жолдары мен зерттеулері жүргізілді.

Ғалым хатшы: Диссертацияның сыныпталу белгілері:

1. Диссертация нәтижелерінің сипаты
 - 1.1. тиісті білім саласы үшін елеулі мәні бар міндеттерді шешу
 - 1.2. маңызды қолданбалы міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық әзірлемелер баяндалған.
2. Диссертация нәтижелерінің жаңалық деңгейі
 - 2.1. нәтижелер жаңа сипатқа ие
 - 2.2. жеке нәтижелер жаңа емес
 - 2.3. нәтижелердің айтарлықтай бөлігі жаңа емес

3. Диссертация нәтижелерінің құндылығы

3.1. жоғары

3.2. қанағаттанарлық

3.3. қанағаттанарлық емес

4. Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы

4.1. тақырып мемлекеттік және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға немесе халықаралық зерттеу;

4.2. тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының жоспарларына кіреді;

4.3. бастамашылдыққа ие.

5. Диссертацияның қолданбалы маңыздылығы бар нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі

5.1. халықаралық деңгейде (лицензиялар сатылды, халықаралық гранттар алынды);

5.2. халықаралық деңгейде

5.3. сала ауқымында

5.4. ұйым шеңберінде

6. Қолданбалы мәні бар диссертация нәтижелерін кеңінен пайдалану жөніндегі ұсынымдар

6.1. кеңейтілген пайдалануды талап етеді;

6.2. кеңейтілген пайдалануды талап етпейді.

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, осымен диссертациялық кеңестің бүгінгі отырысы аяқталды. Диссертациялық кеңес мүшелері және рецензенттерге осы жұмысты талқылауға белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Сау болыңыздар! Ізденушіге сөз берсек

Ізденуші: Құрметті ғылыми кеңес төрағасы және оның мүшелері зерттеу жұмысымызды зейін қойып тыңдағандарыңызға рақмет. Болашақ зерттеу барысында сіздерді берген ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз, ескертулеріңізді қабылдаймыз. Және ескереміз. Осы жұмысты жазу барысында отандық ғылыми жетекшіме және шет елдік ғылыми кеңесшіме алғыс айтқым келеді.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы, ф.ғ.д., профессор

Боранбаев С.Р.

Диссертациялық кеңестің
хатшысы, философия докторы (PhD)

Таджиев Х.Х.

С.Р.Боранбаев пен Х.Х.Таджиевтің қолдарын
растаймын М.Әуезов атындағы ОҚУ
Ғалым хатшысы, п.ғ.к., доцент

Нұралиева А.Ж.

